

Әдебиет аспанында «Сүмбіле» туды

Оразай ЖЕҢІСҰЛЫ

*...Шешілмесең бұғаудан қайтер едің,
Тұрар ма еді күн сүйіп бәйтерегің.
Ала таңды бетке алып көсіл енді,
Шылбырынан шешілген айтөбелім.*



Бұл – өңірге кеңінен танымал ақын Әскерхан Ақтайдың өлең жолдары. Иә, Ақтайдың айтөбелі осы күні шылбырын сүйретіп, әлдебір үлкен атырапты бетке алып, құйғыта шауып барады. Әзірге екінің біріне тізгін бермек емес. Шабысы үдей берсін! Осыған тілектес қала жастары ақынмен жүздесіп сырлы сұхбат құрған еді. Кездесу кеші Өскемендегі облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында өткен болатын.

Автор мен оқырман арасындағы еркін сұхбат барысында ортаға сауалдар тасталып, ой-пікірлер ашық айтылды. Топқа бөлініп, ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, жарысқа да түсті. Бұдан бөлек қалалық «Шабыт» ақындар клубының мүшелері арнайы келіп, аға буынның өкіліне жырдан шашу шашып, кеш сәнін кіргізді. Кеш иесі оларға ризашылығын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

Шара барысында ақынның жуырда ғана жарық

көрген «Сүмбіле» жыр жинағы таныстырылды. Сол су жаңа жинақты қалың оқырман қауымға да әйгілей кетуді жөн көріп отырмыз.

Бұл «Сүмбіле» қазақ поэзиясының аспанында өткен жылдың соңына қарай жарқ етіп туды. Іле Әскерхан ақын елорда төрінде «Байрақты елім, бағаналы ордам» атты әдеби кешін өткізген. Осындай кештердің әлі бірнеше облыста өтуін жоспарлап отырғанын айтқан еді бір сөзінде ақын ағамыз. Жинақта жыраулық және дәстүрлі поэзиялық үлгіде жазылған кіл қараөлең топтасқан.

«Угай, угай, әй угай» деп басталатын кітаптың алғашқы бөлімінде көбіне халық әндерінің сарынымен жазылған, солармен үндес өлеңдер кездеседі. Мәселен, «Маусым, мамыр дегенде маусым, мамыр, естіледі сазды сыр дауысыңнан бір» деген шумақтар оқылғанда, халық әндерінің майда қоңыр әуені еріксіз құлаққа естіліп, ақын өлеңімен жарасым таба келе, көкірекке бірге қонақтайды. Әскерхан өлеңдеріндегі «әккі» бір сырды сонда ұғынасыз.

«Таңда гүлдер ашылғанда» атты екінші бөлімдегі «Құбыладан ескен жел», «Рамазанға қимастық...», «Кеш, тәңір» сынды өлеңдер имандылыққа, тәрбиеге үндейді жас оқырманды. Бұл тұрғыда ақынның айтарлықтай сауаты бар екенін білеміз. Бұл өлеңдерде біз айтқаннан да терең сырлардың бұғып жатуы да ғажап емес. Қырағы оқырман таныса келе, патша көңілінің таразысына салып байқар. Біз одан әріге құрығымызды тастамай-ақ қоялық.

Келесі бөлім – ақын айтөбелінің бауырын жерге тигізе кесілген, шабытының шарықтау шегіне жеткен кезі ме дейміз?! «Туған жер сазымен» жазылған, төрт аяғы тең қазақы қара өлеңдер құйылады да тұрады. Сайын даланың кеңдігі, асқар таулардың пандығы, қырдағы бұлбұл таңның сыры мен қырғауыл кештің көркі тұтас сыйып тұр. Бірқатар лирикалық мөлдір өлеңдерді де осы жерден таба аласыз. «...Жүрегінде бір сезім бұр жарды ма, күзде ашылған гүліндей тобылғының». Ақын – тағдыр. Бұдан артық айтпаймыз.

Жинақтың соңында «дала сарынындағы» толғаулар мен термелер топтасқан. Бұл жерде ақын жыраулық поэзияның жарқын үлгісін көрсете алған.

Жалпы алғанда, қазақ әдебиеті кітапханасының сөресі жаңа бір сүбелі еңбекпен толықты деуге болады. Әдебиетке сәл кешірек, бірақ тау жығатын екпінмен келген Әскерхан Ақтай ағамызға ақ жол дейміз!